

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125-летию С.Сейфуллина. -2019. - Т.ІІ, Ч 1 - Б.211-214

БИЗНЕС БАСТАУЫ- ЖАС ЖАЛЫН ҚОЛЫНДА

Пірман Д.

Жастар – қоғамның ең белсенді бөлігі. Олар өмірдегі кез-келген өзгерістерге жылдам жауап қатады және олардың жақсы жақтарын тиімді түрде қабылдайды. Сондықтан да басқа жас топтарына қарағанда жастар кәсіпкерлік қызметке деген елеулі әлеует пен қабілетке ие деп айтуға болады. Жастар кәсіпкерлігі – мемлекеттік органдар тарапынан ерекше салмақты назар аударуды талап ететін өте күрделі сектор. Оны дұрыс құрылған, мақсатқа бағытталған қолдау өңірдегі шағын кәсіпкерліктің дамуын қамтамасыз етеді де, бұл өз кезегінде экономикалық өсуге, өңірдің экономикалық тартымдылығының көтерілуіне алып келеді. ҚР-ның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2019 жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынды. «Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Келесі жылды «Жастар жылы» деп жариялауды ұсынамын», - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Алайда жастар осы кәсіпкерлікті құру жолында үлкен қиыншылықтарға ұшырасып жатады. Бұл проблемалар кәсіпкерлікті құрудағы қаржылық қиыншылықтармен де, жас адамдардың білімінің жеткіліксіздігімен де байланысты. Бұған кредитке пайыздың және салықтың жоғары мөлшерлемелері, жастар қолында бастапқы капиталдың болмауы, өз қызметінің қысқа мерзімділігі мен тәжірибе жетіспеушілігіне орай экономикалық және өндірістік байланыстардың шектеулілігі немесе болмауы жатады. Осы және басқа да проблемалар жастар кәсіпкерлігін мемлекеттік қолдау жолымен міндетті түрде шешуді талап етеді. Жастар кәсіпкерлігін қолдаудың әрекеттегі әдістері жайлы жас адамдардың хабарсыздығынан түрлі науқандар, байқаулар өткізу, оқу орындарында ақпараттық базалар құру қажеттігі туындап отыр. Осы шаралардың барлығы жастардың кәсіпкерлікті, бизнесті қолдары жетпейтін қызмет саласы ретінде қабылдауын тоқтатуға көмектесетін болады.

Жастар бизнесі жаңа жұмыс орындарын құру және жұмыссыздық деңгейін қысқарту, білікті мамандарды даярлау сияқты әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуде басты роль ойнайды. Жастар кәсіпкерлігі ықпалын күшейту және мүмкіндіктерін кеңейту оның әлеуетін пайдалану қажеттігін шарттайды. Жастар бизнесі шағын кәсіпкерліктің елеулі сараланымы болып табылады.

Жастар кәсіпкерлік ортадағы ең маңызды буын болып табылады. Бүгінгі таңдағы жастар, жастар кәсіпкерлігі 10 жыл өткен соң еліміздің бет-бейнесін анықтайтын болады. Ертеңгі елдің экономикалық өсуі мен даму екіні бүгінгі жастар бизнесінің дамуына тәуелді.

Осылайша, бүгінгі күні жастар кәсіпкерлігі Қазақстандағы шағын бизнес дамуының басым бағыттарының бірі болып табылады. Жастарды кәсіпкерлік қызметпен айналысуға ынталандырушы жағымды жағдай жасау жалпы мемлекеттік және өңірлік деңгейдегі түрлі бағдарламаларда қарастырылуда.

Жастар кәсіпкерлігінің ерекшеліктері

Статистикаға сәйкес, бүкіл әлемдегі 18 бен 30 жас аралығындағы шамамен 300 млн жас адамның не тұрақты жұмыс орны жоқ, не мүлдем жұмыссыз болып табылады. Олардың арасындағы шамамен 20 % өз ісін бастау үшін озат қабілетке ие және, түрлі себептермен, тек қана 5 % осындай шешім қабылдай алады (Global Entrepreneurship Monitor Consortium 2013).

<i>Жастар кәсіпкерлігінің әлсіз жақтары</i>	<i>Жастар кәсіпкерлігінің күшті жақтары</i>
Болмашы әлеуметтік тәжірибе;	Жоғары инновациялық белсенділік, ойлаудың инновациялылығы;
Іскерлік абыройдың жоқтығы;	Жинақылықтың жоғары деңгейі, ұстанымдарының икемділігі, жаңа нарықтарды игеру бойынша әрекет жасаудың жылдамдығы;
Экономикалық заңдар мен механизмдерді қолданудың әлсіз тәжірибелік дағдылары;	Өзінің кәсіпкерлік білімдері мен дағдыларын өндіріс пен нарықтағы өзгергіш талаптарға сәйкес жүйелік жаңарту мүмкіншіліктерінің жоғары деңгейі;
Бастапқы капиталды қалыптастыру проблемасы;	Жас адамдардың кәсіпкерлік қызметті, әсіресе оның бастапқы сатысында, алып жүретін жоғары еңбек және жүйке жүктемелеріне төзуге әлеуетті қабілеті;
Бизнес саласындағы және билік-басқару құрылымдарындағы жеке байланыстардың жеткіліксіздігі;	Жастардың тәуекелге бейімделгіштігі.

Бүгінгі күнде жастардың дербес бизнес-жобаларын құруға дайындығына ықпал ететін бірқатар айрықша проблемалар шешусіз қалып отыр. Оған мыналарды жатқызуға болады:

1. Әлеуметтік көңіл-күй. Тәуекелге баруға, жаңа дүние жасауға дайындықты болжайтын кәсіпкерлік рух жастар ортасында әлсіз болып қала береді. Бүгінгі жастар ірі бизнес немесе мемлекеттік қызмет саласындағы мансапқа көбірек ұмтылады.

2. Кәсіпкерлерді бұқаралық санамен қабылдау. Кәсіпкерлер әлеуметтік топ ретінде жастардың алдыңғы қатардағы кәсіби артықшылықтар тобына кірмейді. Жастар ортасында кәсіпкерлік қызмет жетістікке жету емес, қиындықтарды жеңу мағынасында қабылдануы басым болып отыр.

3. Білім берудің мазмұны. Дәстүрлі оқу орындарында қажетті экономикалық білімдер ғана беріледі, алайда табысты кәсіпкерлік қызметке қажет ынталандыру мен мінез-құлық құзіреттіліктері қалыптастырылмайды.

4. Бастапқы шарттар. Әлеуметтік топ ретінде жастар үшін шағын бизнесті қолдау бағытында жасалып жатқан шаралар әзірше көзге көрінерлік нәтиже беріп жатқан жоқ. Нарыққа еркін шығуға бөгет жасаушы әкімшілік, құқықтық және қаржылық кедергілер бұрынғыдай асу бермей тұр.

5. Жастардың шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдауды жүзеге асырушы ұйымдар туралы хабарсыздығы. Ресейде өткізілген сұрау нәтижелері көрсеткендей (ИКСИ), осындай ұйымдардың бар екендігін респонденттердің 18 % ғана біледі екен. Сұралғандардың көпшілігі (69 %) қаладағы мұндай құрылымдардың бар екендігі жайлы білмейтін болып шыққан. Өкінішке орай, Қазақстанда мұндай сауалнамалар өткізілген жоқ.

Жастар кәсіпкерлігін қолдайтын бірқатар басты халықаралық мекемелер:

Youth Business International

Youth Business International (YBI) жастарға өз бизнесін бастап, дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға көмектеседі. Бұл YBI-дің Президенті, Жоғары мәртебелі Уэльс принцінің қамқорлығындағы тәуелсіз, коммерциялық емес бастамалардың халықаралық желісі.

Кәсіпкерлік орталығы (Ресей)

Кәсіпкерлік орталығы (КО) Ресейдегі кәсіпкерлікті дамытуға қатысады. Бұл перспективті кәсіпкерлерге бағдарланған білім беру және жүйе құратын бағдарламалар арқылы Ресейдегі кәсіпкерлікті қолдап, оның маңыздылығын арттыруға ықпалын тигізетін ұйым-катализатор. Оқу бағдарламалары мен тренингтер өткізу арқылы, КО экономикалық дамуға, жаңа жұмыс орындарын құруға ықпалын тигізіп, жаңа құрылған және өсіп келе жатқан кәсіпорындарға жаңа перспективаларды көруге мүмкіндік береді.

The Entrepreneurs' Organization

The Entrepreneurs' Organization (EO) – кәсіпкерлердің халықаралық ұйымы әлемдегі ең беделді кәсіпкерлік бірлестіктердің бірі болып саналады. Оның құрамында 40 елде 9500 мүше бар. EO – кәсіпкерлерді бизнес пен жеке өмірде үлкен табысқа алып келетін өсуге, бір-бірінен үйренуге мүмкіндік беретін катализатор.

Жас кәсіпкерлерді қолдау бағдарламалары:

Жастар бизнесмендеріне шетелде жәрдемдесу түрлері

Шетелде жастар кәсіпкерлігін қалай қолдайды және қалай дамытады? Себебі, белгілі болғандай, жастардың инновациялық жобаларды іске асыру үшін айрықша әлеуеттері бар. Олар қоғамдағы өзгерістерді оңай қабылдайды, өмірде технологиялық жаңашылдықтармен қызығады және

қолданады, аздау кертартпа, ойлауда барынша икемді, ең бастысы аса белсенді және олардың үлкен энергетикалық ресурстары бар.

Гранттық қаржыландыру

Мемлекеттік гранттар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімін іріктеу байқауының қорытындысы бойынша бағдарламаның аймақтық үйлестірушілері арқылы тағайындалады, оның ішінде бастауыш жас кәсіпкерлерге, бастауыш кәсіпкерлерге, сонымен қатар әйелдерге, мүгедектерге және 50 жастан асқан тұлғаларға.

Жас кәсіпкерлерді қолдау жобасы «STARTUP«BOLASHAK» стартап-жобалардың байқауы

Байқауға Қазақстанның 18-29 жас аралығындағы барлық жас кәсіпкерлері қатыса алады. Стартап-жобалар байқауы «Болашақ» Қауымдастығының 3 грантын көздейді, I орын – 7 млн. теңге, II орын – 5 млн. теңге және III орын – 3 млн. теңге, сондай-ақ 10 млн. теңге – «BI Group» холдингі атынан берілетін гранттарын қарастырады. Мұнымен қоса, байқауға қатысушылар, қызықты идеялардың авторлары инвесторлар тарапынан қаржылық қолдауға ие болып, «Даму» қорының құралдарын пайдалану арқылы төмен пайызбен несие, сондай-ақ Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттігінің инновациялық гранттарын алу мүмкіндігіне қол жеткізе алады. Әлеуметтік инвесторлар ретінде өз қатысуын «BI Group» холдингінің басшысы Айдын Рахымбаев, «Atasu Group of Companies» ЖШС бас директоры Марат Жұман, «Sheberbuild» ЖШС-нің қадағалау кеңесінің төрағасы Ералы Сауранбаев растады. Байқауға қатысуға өтінімдер қабылдау 20 қыркүйекке дейін «Бәйтерек» холдингінің барлық өңірлік кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарында қабылданады. Жеңімпаздардың аты-жөні 21 қарашада бизнес-жоспарлар марафонында белгілі болады.

Жалпы алғанда, «Startup «Bolashak» байқауы екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде қазылар алқасы 20 барынша қызықты бизнес-жобаларды таңдайды. Аталған идеялардың авторлары тренингтер мен білім беру семинарларынан өтеді. Екінші кезеңде комиссия 10 үздік жоба кеңесшілер мен кәсіби менторлардың қолдауымен бизнес-жоспарларды әзірлеуге кіріседі. «Startup «Bolashak» байқауы барысын республикалық телеарналардың бірінен бақылауға болады, онда жобаны реали-шоу форматында көрсету жоспарлануда. «Болашақ» байқауының стартап-жобалар байқауы жастардың бизнес саласындағы бастамаларын қолдау құралдарының бірі ретінде ҚР-нің Тұңғыш Президенті «100 нақты қадам» ұлттық жоспарын іске асыруға бағытталып отыр.

Қорытындылай келе, еліміздің болашағы – жас буын қолында екенін атап өткен жөн. Жастардың қазіргі уақытта сапалы білім алып, креативті идеяларға және түрлі бизнес- жоспарларға көңіл бөлуі, еліміздің болашағы үшін өте маңызды орын алады. Түрлі бизнес-жоспарлар мен идеялар жастар тарапынан мемлекетімізге өте үлкен белсенділік көрсетуде. Еліміздің болашағы үшін, еліміздің ертеңі үшін – тек қана жастармен! Ел болашағы – жастар қолында!

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қазақстан халқына жолдауы.
2. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
3. «Болашақ» Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Халықаралық бағдарламасы

*Ғылыми жетекшісі: Қарсыбаева Қ.А.,
Аға оқытушы*